




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


# ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері	2
3	Білім алушылардың мінез-құлық қағидалары	3
4	Білім алушылардың жауапкершілігі	5
5	Ынталандыру шаралары	6
6	Қорытынды ережелер	7



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы ішкі тәртіп Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі–Университет) білім алушыларының құқықтары мен міндеттерін, олардың Университет ғимараттары мен аумағындағы тиісті мінез-құлық қағидаларын, бекітілген жұмыс пен оқу кестесін қадағалауын және оларды бұзғаны үшін жауапкершілігін анықтайды.

1.2 Қағидалар келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 25 бұйрығымен бекітілген аталған министрліктің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.

1.3 Қағидалар келесілерге ықпал ету мақсатында әзірленген:

- Оқу тәртібін нығайту;
- Білім алушылардың оқу уақытын тиімді пайдалануы;
- Білім беру процесінің тиімділігін арттыру;
- Білім алушыларды еңбек пен оқуға саналы көзқараста тәрбиелеу.

1.4 Ішкі тәртіп ретінде оқу сабақтарының барлық түрлерін, аудиториядан тыс, тәрбиелік және басқа іс-шараларды өткізу тәртібін, сондай-ақ, Университет ғимараттарында және аумағында тәртіп сақтау талаптарын атауға болады.

1.5 Оқу тәртібі – барлық білім алушылар үшін міндетті жеке және оқу жұмыс жоспарын, білім беру бағдарламаларын орындау, сабаққа қатысу, академиялық адалдық Кодексін қадағалау кезінде белгіленген тәртіпке бағыну ретінде анықталады.


## 2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Университеттегі әрбір білім алушының құқығы бар:

2.1.1 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу.

2.1.2 Таңдалған білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспарына сәйкес келетін жеке оқу бағдарламасын таңдау.

2.1.3 Оқу нысанын (түрін) таңдау, білім беру саласындағы өкілетті мемлекеттік орган белгілеген қағидаларға және Университеттің ішкі

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	3 бет

нормативтік құжаттарына сәйкес білім беру бағдарламасының бірінен басқасына ауысу.

2.1.4 Университеттің ақпараттық ресурстарын, кітапхана қорын, оқу-әдістемелік материалдарын ақысыз пайдалану.

2.1.5 Университеттің спорттық, концерттік, оқу залдарын, кітапханасын ақысыз пайдалану.

2.1.6 Оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табысы үшін оны ынталандыру және марапаттау.

2.1.7 Студенттік өзін-өзі басқару органдарын сайлау және сайлану.

2.1.8 Өзінің адамдық абыройын құрметтей білу, пікірі мен нанымдарын еркін білдіру.

2.2 Университетте әр білім алушы міндетті:

2.2.1 Таңдалған білім беру бағдарламасын игеруде білім мен шеберлікті, дағдылар мен біліктілікті меңгеру.

2.2.2 Өзінің денсаулығына қамқорлық жасау, руханилық және денелік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.

2.2.3 Университетке берілгендікті сақтау, оның мүддесіне және іскерлік беделіне қаржылық, зерделік немесе басқа зиян келтіретін әрекеттерді жасамау.

2.2.4 Өзінің мінез-құлығымен, оқуға қарым-қатынасымен Университет білім алушысының абыройын қолдау, Университеттің беделін арттыруға, оның үздік дәстүрлерін сақтауға және молайтуға қамқорлық жасау.

2.2.5 Білім беру қызметі туралы жасалған шарттың, сондай-ақ, басқа шарттар мен келісімдердің шарттарын адал ниетпен орындау.

2.2.6 Жарғының, осы Қағидалардың, академиялық адалдық Кодексінің және білім беру мен тәрбиелік процестерді ұйымдастыру бойынша Университеттің басқа ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындау.


2.2.7 Университет әкімшілігінің және факультеттің/кафедраның білім алушының оқу және шығармашылық қызметіне қатысты бұйрықтарын, нұсқауларын тиісті түрде орындау.

2.2.8 Университеттің сайтында, факультеттердің, кітапхананың ақпараттық тақталарында орналастырылатын хабарландырумен және ақпаратпен ұдайы танысу.

### **3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ**

3.1 Қоршаған адамдардың абыройын құрметтеу, өзін лайықты ұстау, сыпайы және әдепті тілдесуге тырысу, басқа тұлғаларды қорлауға, өрескел, жөнсіз және балағат сөйлеуге жол бермеу.

3.2 Белгіленген ішкі тәртіпті, жұмыс пен демалыс тәртібін, қоғамдық орындарда жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын қадағалау. Ұқыпты болу, киімі таза болуы тиіс, тым ашық киімді, тым қысқа шалбарды немесе тым

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	4 бет

қысқа юбка/көйлектерді, тесігі немесе ірі тілігі бар, алқам-салқам бұйымдарды, резеңке шәркей секілді аяқ киімді кимеу.

3.3 Университет аумағынан тыс жерде Қазақстан Республикасының заңнамасына сай әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған әрекеттерге жол бермеу.

3.4 Университет оқытушыларымен, қызметкерлерімен және қонақтарымен сәлемдесу. Аудиторияға оқытушы, Университет әкімшілігі кірген кезде орындарынан тұрып сәлемдесу.

3.5 Басқаларға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін әрекеттерді жасамау, оқытушыны құрметтеу, оқу сабақтары кезінде түсіндіруді назар қойып тыңдау, оқытушының барлық нұсқауларын орындау.

3.6 Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен жеке гигиена қағидаларын қадағалау, Университет аумағында тазалық пен тәртіпті қолдау. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, Университет мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін жағдай немесе оқиға пайда болған кезде шұғыл түрде Университет әкімшілігіне хабарлау.

3.7 Университет ғимаратына кіру тәртібін қадағалау, өкілетті тұлғалардың талабы бойынша өзінің кіруге электронды рұқсат қағазын, студенттік билетін көрсету. Рұқсат қағазын басқа тұлғаларға беруге және бөтен адамдардың құжаттарын пайдалануға тыйым салынады.

3.8 Жеке құжаттарға (студенттік билет немесе білім алушының ID картасы, т.б.) мұқияттықпен қарау, оларды жоғалтқан кезде шұғыл түрде Академиялық мәселелер жөніндегі қызметке және факультетке/кафедраға хабарлау қажет.

3.9 Флюорографиядан өту туралы анықтаманы қоса берумен жыл сайын және уақытылы міндетті медициналық тексеруден өту.

3.10 Тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығында уақытылы тіркеуге тұру.


3.11 Ер азаматтар оқуға келгеннен кейін жеті күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әскери басқармасының жергілікті органдарында әскери есепке тұруы.

3.12 Білім алушы оның аты жөні (тегі), тұратын мекенжайы, телефоны және Университетке түскен кезде берген басқа да мәліметтері өзгерген кезде Академиялық мәселелер жөніндегі қызметке және факультетке/кафедраға уақытылы хабарлауы.

3.13 Университет әкімшілігінің, факультеттің/кафедраның шақыруы бойынша кешікпей бару.

3.14 Университет ғимараттарында және аумағында тыйым салынады:

- Алкогольдік, есірткілік немесе уыттылық мастану күйінде келуге;
- Алкогольдік және аз алкогольдік (сыра) сусындарды әкелу және тұтыну;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	5 бет

- Есірткілік, психотроптық және басқа еліртетін заттарды сақтау, тарату және тұтыну;
- Қару-жарақты, жарылғыш және тұтанғыш заттарды, пиротехникалық құралдарды сақтау, тарату және пайдалану;
- Діни мазмұндағы әдебиетті немесе басқа ақпарат көздерін сақтау және тарату;
- Құмар ойындарды ұйымдастыру, өткізу және қатысу;
- Темекі немесе электронды сигареттерді шегу;
- Университет әкімшілігінің тиісті рұқсаты болмаса, бұл үшін арналмаған жерлерде хабарландыру ілу, жазулар қалдыру.

3.15 Білім алушыларға аудиториялық сабақтардан бос бөлмелерді өздігінше дайындалуға және белгіленген тәртіпте оқудан тыс іс-шараларды өткізуге пайдалануға рұқсат етіледі. Өздігінше дайындалу үшін компьютерлік, интерактивтік сынып бөлмелері Университетте белгіленген кестеге сәйкес бөлінеді.

3.16 Университетке тиесілі мүлікті, музыкалық аспаптарды, арнайы техниканы, заттар мен материалдарды Университет ғимараттарынан алып шығуға, сондай-ақ, Университет әкімшілігінің тиісті рұқсаты болмаса, ғимаратқа аса ірі өлшемді заттарды және арнайы техниканы енгізуге рұқсат етілмейді.

3.17 Оқу үшін бөлінген құрал-жабдықты, музыкалық аспаптарды, компьютерлерді жеке мақсатта пайдалануға рұқсат етілмейді.


3.18 Білім алушы Университеттен шығарылған кезде орындауы тиіс:

- Академиялық мәселелер жөніндегі қызметке студенттік билетті немесе білім алушының ID картасын және Университеттің білім алушыға берген басқа құжаттарын тапсыру;
- Университеттің алдында қаржылық берешегі болса, берешек сомасын толық көлемде өтеу;
- Бөлмені тәртіпке келтіру, барлық қажетті жабдықтарды тапсыру, жатақханадан шығу (жатақханада тұратындар үшін);
- Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет бекіткен нысандағы кету қағазына қол қойып, тапсыру.

## **4 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1 Қағидалардың орындалмауы мен бұзылуы үшін келесі тәртіптік жаза шаралары қарастырылады:

- ауызша ескерту;
- білім алушының жеке ісіне енгізілген сөгіс;
- тәртіптік ескерту немесе белгілі бір уақыт кезеңіне сынақ мерзімі;
- Университеттен шығару.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.10.2020
	<b>ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	6 бет

4.2 Әрбір тәртіптік теріс қылық үшін бір тәртіптік жаза шарасы қолданылуы мүмкін.

4.3 Тәртіптік жаза шарасын таңдауда тәртіптік теріс қылықтың ауырлығы, жасалу себептері мен мән-жайы, осының алдындағы білім алушының мінез-құлығы, оның психофизикалық және көңіл-күй жағдайы ескеріледі.

4.4 Білім алушы сырқаттанған, демалыста, академиялық демалыста, жүктілік немесе бала бағу бойынша демалыста болған кезде оған тәртіптік жаза шарасын қолдануға болмайды.

4.5 Тәртіптік жаза шарасын қолданғанға дейін білім алушыдан жазбаша түсініктеме талап етілуі тиіс. Егер үш оқу күні өткенде білім алушы аталған түсініктемені бермесе, бұл жайында тиісті акт жасалады.

4.6 Білім алушының жазбаша түсініктемені беруден бас тартуы немесе жалтаруы тәртіптік жаза шарасын қолдану үшін кедергі болмайды.

4.7 Тәртіптік жаза шарасы теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей, Университет ректорының немесе оның өкілеттік берген лауазымды тұлғасының бұйрығымен қолданылады.

4.8 Білім алушы Университеттің немесе заңнамалық актілер немесе шарттың күшімен Университет жауап беретін үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірген жағдайда білім алушы толық материалдық жауапкершілік көтереді және ҚР әрекет ететін заңнамасында қарастырылған тәртіпте ерікті немесе сот шешімінің негізінде келтірілген зиянды өтейді. Еңсеруге келмейтін жағдайдың немесе аса қажеттіліктің нәтижесінде зиян пайда болған кезде ғана бұдан өзгеше ерекшелік болуы мүмкін.

4.9 Зиян келтірілгеннен кейін Университет пен білім алушының арасындағы білім беру қызметін көрсету туралы шарттың күшінің жойылуы білім алушыны келтірілген зиянды өтеу бойынша материалдық жауапкершіліктен құтқармайды.


## **5 ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ**

5.1 Оқу, спорттық-бұқаралық, қоғамдық, ғылыми және шығармашылық қызметіндегі табыстары үшін білім алушыларға келесі ынталандыру шаралары белгіленеді:

- Алғыс жариялау;
- Мақтау қағаздарын (грамоталарын) беру;
- Сыйақы тағайындау;
- Құнды сыйлықпен марапаттау.

5.2 Ынталандыру Университет ректорының бұйрығымен жарияланады.

5.3 Кафедралар, факультеттер, Тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімі ынталандыру жариялануына ықпал етеді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.10.2020
	ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ	7 бет

## 6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Қағидалар бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

6.2 Қағидаларға өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Ғылыми кеңес енгізеді.

